

**Компьютердің
құрылымы.
Ақпаратты енгізу-
шығару
құрылғылары.**




Бүгінгі күні дербес компьютерлер (ДК) көпшілік арасында кеңінен тарады. Дербес компьютерлердің осылай аталу себебі- Ол бір-ақ адам жұмыс істеуге арналған. Дербес компьютерлердің түрлері өте көп ,бірақ олардың құрылысында ұқсастықта бар. Кез-келген дербес компьютер бірнеше құрылғылардан тұрады. Бұл құрылғылардың кейбірі өте маңызды.



Жүйелік блок

- Жүйелік блокқа дербес компьютердің негізгі құрылғылары жинақталған, олар деректерді өңдеуді, электр тогының қосылуын, қосымша құрылғыларды қосуды қамтамасыз етеді.
- Жүйелік блоктар келесі түрлерде: үстелге қоятын (көлденең орналасқан), еденде немесе мұнара түрінде (тік орналасқан) шығарылады.
- Жүйелік блоктың ішінде аналық плата, процессор, қоректендіру блогі, жедел жад, диск жетек, бейнетақша, дыбыс тақша мен көптеген басқа құрылғылар бар.



Процессор


- **Процессор – компьютердің ең басты бөлігі. Ол компьютердің миы. Ол бүкіл компьютердің жұмысын басқарады және бағдарламалардағы барлық командаларды орындайды.**
- **Іс жүзінде компьютердің орындайтын жұмысының бәрін оның бас микросхемасы- микропроцессор атқарады. Қазіргі кезде ең көп тараған процессор пенциум деп аталады, сондықтан мұндай процессор орнатылған компьютерді де пенциум деп атайды**

Жедел жад

- *Жедел жад – бұл компьютердің ішкі жады немесе оперативті жадтайтын құрылғы-ол қажет ақпаратты өзіне жылдам жазуға және одан оқуға мүмкіндік береді. Компьютердің ішкі жадының екі түрі бар:*
- *-тұрақты жадтайтын құрылғы ТЖҚ – бұл компьютердің ішкі жады, ол компьютердің ішіне құрастырушы фирмада орнатылады*
- *-жедел жадтайтын құрылғы ЖЖҚ – ақпаратты уақытша сақтауға арналған жад.*
- *-енгізу-шығару құрылғылары-бұл құрылғының көмегімен компьютерде өңделетін ақпарат енгіледі, сондай-ақ машинадан оның жұмысының аралық және ақырғы нәтижелері адам түсінетін түрде шығарылады.*

Монитор

- **Дисплей – компьютердің экранына ақпаратты шығаратын құрылғы. Дисплей – компьютердің тілі ол оның көмегі мен өзінің жұмысы туралы барлық қажетті ақпаратты беріп отырады. Монитордың экрандағы кез – келген көрініс түрлі – түсті нүктелерден әртүрлі реңдерінен тұрады. Мұндай нүктелерді ПИКСЕЛЬДЕР деп атайды.**



Пернетақта

- **Пернетақта – компьютерде ақпаратты енгізуге арналған құрылғы. Ол әріптердің көмегімен компьютерге кез-келген ақпаратты беруге мүмкіндік жасайды. Қазіргі компьютердің пернетақтасында 101 немесе 102 перне болады.**

Пернелер бірнеше блокқа бөлінеді:

- **-Символдық пернелер**
- **-функциялық пернелер**
- **- нұсқаушы немесе меңзерді**
 - **- цифрлық пернелер.**



Маус(мышь,тышқан)

- *Қазіргі кездегі компьютерлер тағы бір ақпаратты енгізу құрылғысы – маус манипуляторымен жабдықталған.Маустың екі түрі бар:*
 - *- үш батырмалы*
 - *- екі батырмалы*

Қазіргі кезде екі батырмалы маус жиі пайдаланылады, себебі ортадағы батырма жұмыс кезінде көп пайдаланылмайды.



Баспа құрылғылары

- *Принтер – ақпаратты қағазға басып шығаратын құрылғы. Ол дисплейге не шығарылса соның бәрін қағазға басып шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде принтердің негізгі үш түрі пайдаланылады:*
 - *- матрицалық*
 - *- сия бүріккіш*
 - *- лазерлік*



Сканер

- **Сканер – қағаздағы кесіндіні түсіріп, дисплей экранына шығаруға мүмкіндік беретін құрылғы. Оның көмегі мен суретті, графикті, мәтінді сканерлеуге болады. Кескін сканерленгеннен кейін, графикалық бағдарламаларда оларды өңдеуге (үлкейтуге, кішірейтуге, қайта бояуға т.б) болады.**

